

БИЗНЕС ЖОБА БАЛҒЫН ЖӘНЕ ТОҢАЗЫТЫЛҒАН ЖЕМІСЖИДЕКТЕР



Бұл бизнес-жоба Қазақстан Республикасының Жамбыл облысында «Балғын және тоңазытылған жеміс-жидектер қоймасын салу» жобасының қаржылық-экономикалық тиімділігі мен техникалық тұрғыда жүзеге асырылуын түсіндіру мақсатында әзірленді. Жобаның сипаттамасы. 1. Жобаның атауы: «Балғын және тоңазытылған жеміс-жидектер қоймасын салу» (әрі қарай – Жеміс қоймасы); 2. Жобаның жоспарлық орналасу жері: Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы; 3. Жобаны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-құқықтық үлгісі: жобаны Жауапкершілігі шектеулі серіктестік үлгісінде құрылатын кәсіпорын жүзеге асырады. 4. Жобаның түрі: Start Up; 5. Жобаны жүзеге асырудың басталуы: 2013 жылдың 1-тоқсаны; 6. Жобалық қуаттылыққа жету: 2013 жылдың 3-тоқсаны; 7. Жобаны игеру кезеңдері: дайындық кезеңі. Жобаны жүзеге асыру шарттары алдын ала келістірілген, келісім-шарттар жасалуда, ЖЖҚ дайындалуда, қажетті білікті маман шақыртылған; 8. Жобаны жүзеге асыру үшін қажетті қаржы ресурстары: Жоба бойынша бірлестірілген инвестициялық жұмсалымдар 2 265,000 мың USD құрайтын болады. Жобаның стратегиялық мақсаттары 1. Реттелетін Газ Ортасы бар, сыйымдылығы 1000 тонна жеміс қоймасының құрылысы, сапалық сипаттамаларын жоғалтпастан жемістерді 270 күнге дейінгі мерзімде сақтауға мүмкіндік береді, қойма Қазақстанның түрлі аймақтарында балғын және тоңазытылған жемістердің көтерме саудасын ұйымдастыру үшін салынбақ. 2. Бұл жоба аймақ үшін тауарлық өнімдер бойынша қажетті инфрақұрылым жасауға (ҚР Солтүстік аймақтарындағы бидай элеваторларына ұқсас), ҚО Оңтүстік аймақтарында ауыл кәсіпкерлігін (жеміс-жидек өсіру) дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Жобаның экономикалық мақсаттары 1. жобаны жүзеге асыруға жұмсалатын қаражаттың кепілді түрде қайтарылуын қамтамасыз ететін экономикалық негіз қалыптастыру; 2. табыстан алынған қаражат есебінен жеміс қоймасын (әрі қарай – ЖҚ) дамыту; 3. табыс алу;

1. Жоба концепциясының сипаты Жобаның концепциясы жеміс қоймасының құрылысы мен оны жабдықтау болып табылады, сыйымдылығы 1000 тонна, Оңтүстік Қазақстан облысында, жемістер өсіретін бақтарға жақын жерде оларды салқындату, тоңазыту, ұзақ уақыт бойы сақтау және Қазақстан Республикасында сату үшін салынатын болады. Қазақстанның оңтүстік аймақтарында жемістер мен көкөністерді өсіру үшін бар жағдай жасалған: климаттық (ауа-райы), табиғи (топырақ), су ресурстарының болуы, демографиялық (кадрлар), саяси (биліктің жергілікті және республикалық дәрежеде қолдауы). Бірақ, өкінішке орай, өндіретін өнім саудалау талаптарына сай емес, себебі балғын өнімдер мен көкөністерге қатысты байланып қалған, кеңестік кезеңнен келе жатқан көзқарас бар - «жылдам бүлінеді». Өнім сақталмайды. Жемістер өндірісінің қазіргі заманғы технологтары бұл пікірді жоққа шығарып отыр. Қытайдың, Түркияның, Израильдің, Еуро Одақ елдерінің (Польша, Голландия, Испания және т.б.) ауыл шарушылық өндіріушілері ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу барысында осындай инновацияларды қолдануда. Олар балғын жемістермен және көкөністермен өзінің халқын да, өзге елдердің, мәселер бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің халықтарын да жылдың кезкелген мерзімінде қамтамасыз ете алады, соның ішінде Қазақстан, Белоруссия мен Ресей де бар.

Үрдістің технологиялық тізбегінде далалық Әдіспен сақтау амалы болмаса (алдын ала салқындату) теріліп алынған балғын жеміс-жидектер температураның жоғары болуы салдарынан ылғалды жоғалтып, сола бастайды және тез бүлінеді, оған қоса дәрумендері, хош иістік және тағамдық заттары жоғалады. Олардың тауарлық келбеттері қосымша қолайлы жағдай жасалмаса бірден жоғалады, бұл сату уақытын қысқартады, сәйкесінше, бағасы да төмендейді. Мысалы құлпынай мен бүлдірген теріп алынғаннан кейін 6 сағаттан соң өзінің сапасын температура 30 °C болса жоғалта бастайды. Мұндай құбылыс шабдалыға, қара жидекке және сары өрікке де тән. Одан соң қияр, қызанақ, тіпті алмалар да теріп алынғаннан соң температура 20-30 °C болатын жерде сақталса өзінің салмағының 7,5% жоғалтады. Болмаса жинап алғаннан кейін бір күннен соң немесе сол күннің кешкісін жиналған жидектер, жемістер мен көкөністер тиісті температурасы мен ылғалдылығы бар қолайлы жағдайға жеткізіледі, одан кейін оларды сақтау мәселесі күрделене түседі. Тоңазытқыш – аурухана емес, демек өнімнің жоғалған сапасын қайта қалыпқа келтіру мүмкін емес. Сондықтан, бақтардан алыс жерлерде, қалада тоңазытатын қойма салу Қазақстан азаматтарын балғын, тоңазытылған жеміс-жидектермен, көкөністермен қамтамасыз ету мәселесін шеше алмайды. Жинап алынған өнімнің мүлдем жарамсызданып қалмауы үшін тек қана өсіру технологиясын емес, сонымен қатар сақтау технологиясын да қатаң сақтау керек. Жинап алғаннан кейін неғұрлым жылдам арады жиналған жеміс-жидектердің, көкөністердің салқындатылуын қамтамасыз ету керек

4. **МАРКЕТИНГТІК ЖОСПАР** Бүгінгі таңда Қазақстанның жемістер қоймасына деген қажеттілігі 684, 2 мың тонна болып отыр, нақты қолданыста 382,1 мың тонна бар, қосымша қажеттілік - 302,1 мың тонна. 2010 жылдан бастап мемлекет жеміс қоймасын жасау бойынша бизнесбастамаларды белсендіруді қолдау бойынша жұмыс атқара бастады, соған қоса жабық топырақта жеміс-жидектер мен көкөністер өсіру мен тамшылық дарыту ісіне субсидия бере бастады. 2011 жылы ҚР жылыжайлар құрылысын арттыруға байланысты атқарылған жұмыстар салдарынан жабық топырақта жеміс-жидектер мен көкөністерді өндіру 4 бастап 16 мың тоннаға дейін артты, демек 4 есе артып отыр. Тамшылық дарыту әдісін пайдалану алаңы 2,4 есе артты, онда көбіне түйір жемісті түрлер өсіріледі. Өндірушілердің өз тауарларын орналастырып, сақтай алатын қоймалар мен орындардың жағдайы мәз емес. Шамамен 517 база күрделі жөндеу жұмыстарын қажет етіп тұр, көбісінің тоңазытқыш жабдықтары жоқ. Қоймалардың көбісі құрылыс материалдары өндірісіне, көлік базаларына, қоймаларға бейімделген және осы күнге дейін тек ауыл шаруашылығы Министрлігінде жеміс қоймасы болып тіркеліп тұр. Тіптен осындай "жалған" қойма нүктелерін ескеретін болсақ та қоймаға деген сұраныс ұсыныстан 40-50 пайызға артық.

5.ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ Территорияның орналасқан жері және қысқаша сипаты Жобаны орналастыру орнын таңдау осы жоба бойынша алынатын өнімдер өсіретін жерлерге жақын болғандығымен түсіндіріледі: алма, жидек, шие, қара өрік, шабдалы және т.б. өсетін баққа жақын жер. Жеміс қоймасының құрылысы ЖШС территориясында (немесе ұзақ мерзімдік жалға алынған жерде) жүзеге асырылуы керек, ол өнім өсіретін орындарға, сонымен қатар республикалық тас жолға жақын орналасқан. 5.2 Инфрақұрылым: 1. электрлік жабдықтау – қуаттылығы жеткілікті болуы керек; 2. сумен жабдықтау – жобаны жүзеге асыру орындарына жақын жерде орталықтандырылған су тарату жүйесі бар; 3. авто жолдар. Жеткізушіні таңдауды түсіндіру – Bitzer (Австрия) компаниялары жеміс-жидектер сақтау үшін жабдық жеткізу бойынша ғаламдық нарықта алдыңғы қатарда. Бұл компания Қазақстан Республикасында көптеген жобаларды орындаған. Компания жабдықтар нарығындағы саудамен танысу барысында «Bitzer» өндірісшісін (Австрия) таңдады, себебі аталған компанияның өнімдері- жабдықтары баға/сапа қатынасының тиімді шамасына ие.





Назарларыңызға рахмет!